**«БЕКІТЕМІН»**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры
__________ Ж.Темірбекова
«__» ____ 2022 ж.

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
# УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

***УЕ-ХҚТУ-053-2022***

# ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП КОМИССИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

**АЛҒЫ СӨЗ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | «Жастар саясаты» департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ | |
| 2 | Әзірлегендер | - «Жастар саясаты» департаментінің директоры А.Даркембай |
| 3 | Келісілді | - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев<br>- Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова<br>- Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева<br>- Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры П.Пилтен<br>- Жауапты хатшы Г.Байсенкул<br>- Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев<br>- Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов |
| 4 | ЕНГІЗІЛДІ | - 2022 |
| 5 | Тексеру мерзімі | - 2024 |

К.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 195
«07» 12 2022 ж.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан 2022ж.**

**МАЗМҰНЫ**


Мазмұны 2
1.Қолданылу саласы 3
2. Нормативті сілтемелер 3
3.Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар 3
4.Жауапкершілік және өкілеттілік 3
5. Жалпы ережелер 4
6.Негізгі мақсаттар 4
7. Этикалық және тәртіп комиссиясының құрамы мен жұмыс регламенті 5
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі 6
9. Келісу, сақтау және тарату 6
10. Қосымшалар 7
10.1 Танысу парағы 7
10.2 Өзгерістерді тіркеу парағы 8

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Этикалық және тәртіп комиссиясының (бұдан былай - ЭТК) әкімшілік-құқық мәртебесін бекіту мақсатында әзірленген және мәжілістерін өткізу, оның құрамын құру және оның өкілеттілігін жүзеге асыру шарттарымен тәртібін белгілейді.

1.2 Бұл ережені университет ректорының бұйрығымен тағайындалған Этикалық және тәртіп комиссиясының мүшелері пайдалануы тиіс.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университет ЭТК осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданған:

- «Білім туралы»2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- Университет қызметкерлерінің тәртіп регламенті;
- Оқу үдерісін ұйымдастыру және емтихан регламенті;
- Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламенті;
- Студенттердің тәртіп сақтау регламенті;
- ҚР «Еңбек Кодексі»;
- Университет жарғысы;
- Студенттік жатақханалары туралы регламенті; Өкілетті Кеңес мәжілісінің 02.06.2012 ж. № 42 шешімі;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;
- Академиялық адалдық кодексі.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Бұл Ережедегі пайдаланған терминдер және анықтамалар тізбесі:

- Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- ЭТК – Этикалық және тәртіп комиссиясы;
- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- ТР – Түркия Республикасы;
- ЖОО – Жоғары оқу орындары;
- ОПҚ – Оқытушы-профессорлар құрамы
- ӨК - Өкілетті кеңес;
- ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігі

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1. Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жоғары басшылығы тарапынан бекітіледі.

4.2. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне - Әлеуметтік – мәдени даму вице-ректоры жауапты болып табылады.

## 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ЭТК мәлімдемелердің негізінде тәртіп бұзған оқытушы-профессорлар құрамына және университет білімгерлеріне тәртіптік шараларды анықтап, қаулының шешімімен бұйрық шығаруға ұсыныс береді.

5.2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ЭТК мүшелерінің саны 9, комиссия төрағасын университет ректоры ұсынады.

5.3. Осы Ереже университеттің ЭТК өз қызметін Университет регламенттеріне (Университет қызметкерлерінің тәртіп регламенті, Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламент, Оқу үдерісін ұйымдастыру және емтихан регламенті, Дайындық тіл үйрету орталығының оқу және емтихан регламенті, Студенттердің тәртіп сақтау регламенті, Студенттік жатақханалары туралы регламенті), профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет кодексі, білім алушының ар-намыс кодексі, академиялық адалдық кодексі және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағдарламасына сәйкес анықтайды.

5.4. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бұйрықтарымен және басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

## 6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Этикалық және тәртіп комиссиясының ***негізгі мақсаты*** – университет мәртебесін құрметтеп, оқытушы профессор құрамы мен жұмыскерлердің, білім алушылардың бәсекеге қабілеттілікті және орнықты әлеуметтік-этикалық өсуді қамтамасыз ететін тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Этикалық және тәртіп комиссиясының ***негізгі міндеті*** – университет қызметкерлерінің тәртіп сақтау регламентінің сақталуына, еңбек тәртібінің сақталуына, ұстаз атына лайықты емес мінез-құлық танытпауына, мәдениеттілік пен әдептілік нормаларын насихаттау, әлеуметтік-тәрбие, жастар саясаты саласында бірыңғай тәрбие жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыруды жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасау, университет қызметкерлері мен білімгерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиелік шешім қабылдау, ұсыныс еңгізу.

6.1 Университет мәртебесін құрметтеу, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы және білімгерлер мәртебесіне ар-намысымен, еңбегімен лайықты болу;

6.2 Университеттің іскерлік абыройын құрметтеу, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір істен бас тарту, оның атағы мен абройына нұқсан келтіретін кез келген әрекетті болдырмау;

6.3 Университетің ерекшелігін, озық дәстүрлері мен тарихын білуге, құрметтеуге, сондай-ақ ұстаздық еңбегімен студенттерге үлгі бола білу;

6.4 Қожа Ахмет Ясауи университетінің студенті Қазақстан мен Түркия Республикаларының және басқа Түркі тілдес елдердің қалыптасу тарихын білу, ұлттық мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін сыйлау, қастерлеу, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтау және оларды құрметтеу;

6.5 Қожа Ахмет Ясауи университетінің студенті күнделікті білім алу, ағымдық, аралық, қорытынды бақылауларға қатысу, ғылыми жұмыстармен шұғылдану барысында моральға жат іс-әрекеттерге жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатындағы іс-шараларды жүргізу;

6.6 Жұмыс беруші, ОҚП мен жұмыскерлер арасында туындайтын дауларды қарау және оның алдын алу;

6.7. Қожа Ахмет Ясауи университетінің студенті университет мүддесіне қайшы келетін және өз оқу орынының имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекеттерге қатысудан бас тарту;

6.8 Арнайы бекітілген орындардан басқа жерлерде темекі шегу, университет аумағына алкоголді, спирттік, есірткі, психотроптық және токсикомандық заттарды әкелу

және оларды пайдалану, қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық заңға сәйкес тыйым салынғанын үнемі ескертіп отыру. Алкоголді, нашақорлық және токсиндік масаю күйінде жүруді тоқтату;

6.9 Жатақхана ережелерін және міндеттемелерін бұзған студенттердің мәселесін қарау, яғни жатақханада студентке лайықсыз қылықтар, іс-әрекеттер жасау, айналасын таза ұстамау, жатақхана ішінде сауда-саттық жасау, жатақхана мүліктері мен заттарына зиян келтіру және т.б;

6.10 ОПҚ мен білім алушылардың арасындағы келіспеушілік, дөрекілік мінез-құлық таныту және сабақ жүргізу саласында тәртіп бұзу жағдайларының алдын алуды қарастыру;

## 7 ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

7.1 Этикалық және тәртіп комиссия құрамына университет ректорының бұйрығымен бекітілген негізгі және қосалқы құрамдары жатады. Негізгі құрамның мүшелері: төраға, төраға орынбасары, хатшы мен комиссия мүшелері. Қосалқы құрамның мүшелері негізгі құрамның мүшелері жоқ кезде немесе олардың мүддесіз қайшылығы жағдайларында комиссияның жұмысына шақырылады. Комиссия төрағасын университет ректоры бекітеді. Комиссияға университеттің оқытушы-профессорлар құрамының педагогикалық тәжірибесі мол және абыройлы, сыйлы мүшелері кіреді.

7.2 Комиссия құрамы мен ондағы өзгертулер әлеуметтік-мәдени даму вице-ректорының ұсынысы және I Вице-ректордың келісімі негізінде Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.3 Этикалық және тәртіп комиссиясының қарауына арыз-шағымдар, хабарламалар, басқада университет ішкі тәртібін бұзушылық жағдайлары, шағым жәшіктеріне түскен мәлімдемелер негізінде жинақталған құжаттар немесе тексеру барысында анықталған тәртіп бұзушылық жәйттері бойынша құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің мамандарымен тексерулер жүргізіліп, түсініктемелер алынып, құқық не тәртіп бұзушулық белгілері болған жағдайда университет ректорының не оның міндетін орындаушы басшының нұсқауымен ЭТК-ға талқылауға, шара көруге жіберіледі.

7.4 Комиссия отырысына куәгерлерді шақыруға, техникалық және бухгалтерлік тексеруді өткізу үшін мамандарды кәсіподақ өкілдерін шақыруға құқылы.

7.5 ЭТК мәжілісі екі айда бір реттен кем емес немесе қажеттілік туындағанда кезектен тыс өткізіледі. Мәжіліс комиссия мүшелерінің 3/2 бөлігі қатысқанда жүргізіледі, шешім мүшелерінің 3/2 бөлігі ашық түрде дауыс беру арқылы қолдағанда қабылданады. Кейбір мәселелер бойынша комиссия мүшелерімен келісілген түрде жабық түрде дауыс беру арқылы шешім қабылданады.

7.6 ЭТК отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелері ЭТК төрағасымен немесе төраға орынбасарымен бекітіліп, Комиссия отырысының басталуына дейін 5 күн бұрын кеңес мүшелеріне хабардар етіледі.

7.7 Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздеріне, келіссөздер жүргізу машығын дамыту және еңбек дауларына консенсусқа жетуге жыл сайын оқытуды жүргізу міндетін анықтайды.

7.8 ЭТК-на дауды өтініш немесе жолданған тапсырма келіп түскен күннен бастап, келесі комиссия отырысында қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмелерін оны қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде беріледі.

7.9 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ЭТК-нің жұмысы жыл сайын құрылатын және оқу жылына бекітілетін жоспарға сәйкес жұмыс атқарады.

7.10 ЭТК отырыстарының шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама төрағамен немесе төраға орынбасарымен, хатшымен қол қойылып университет ректорына ұсыныс ретінде 3 жұмыс күні мерзімінде жолданады және қаралған мәселелерге қарасты бөлімшелерге шешімнен үзінді ретінде таратылады.

7.11 ЭТК-нің төтенше мәселелерді қарастыруда 3 тұлғадан құралатын Комиссия мүшелерінің эксперттік комиссиясы құрылады.

**8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

**9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

9.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Жастар саясаты департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмысданасын қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

9.2 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-ға сақтауға беріледі.

**КЕЛІСІЛДІ:**

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры | А.Тұрғанбаев |
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | Э.Идрисова |
| Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры | А.Ошибаева |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | П. Пилтен |
| Жауапты хатшы | Г.Байсенкул |
| Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекшісі | Ж.Дарибаев |
| Заң бөлімінің басшысы | Г.Мусаханов |

***Ф-СМБ-004***

**Таныстыру парағы**

**ҚОСЫМША А**

| № | Аты-жөні | Қызметі | Мерзімі | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

***Ф-СМБ-002***

**ҚОСЫМША Б**

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| № Р/с | Өзгеріс енгізу туралы шешім | | Парақ нөмірі | | | | Қағаз саны | Өзгерістерді енгізу мерзімі | Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құжат | № бұйрық | Өзгертілген | Ауыстырылған | Жаңа | Есептен шығарылған | | | Аты-жөні | Қолы |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |